

## **ҚР Жоғарғы сотына**

### **Шымкент қалалық сотына Әл-Фараби аудандық сотының төрағасына**

#### **Алғыс хат**

2019 жылдың 31 қаңтарында Шымкент қаласы Әл Фараби аудандық сотында ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР: Раушан Кумисбаевна Жусупова, Гулия Кожя, Толымбек Сенбеков, Махриниса Ергешевна Латыпова, Наджип Төлепұлы Төлес, Мухабат Касымовна Ташаева, Курван Бейсалұлы Айдынның ЖАУАПКЕРЛЕР: нотариус Нуржамал Айдарбековна Тулепова, «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-не 10.08.2018 жылғы қолхаттарды жарамсыз деп тану туралы талап арызы толық көлемде қанағаттандырылған болатын.

Аталған азаматтық істі судья П.К. Сафарбаева Ханым қарап, аталған талап арыз талаптары толық қанағаттандырылып, осы азаматтық іс бойынша заңды, негізді шешім шығарылды. Талапкерлердің барлығы өз ризашылығын білдіруде. Себебі, судьяның істі жан-жақты және толық қарап, әділ және заңды шешім шығарғанына алғысын білдіруде.

Аталған азаматтық істі 2 ай бойы қараған судья П.К. Сафарбаева Ханым азаматтық істі жан-жақты, объективті қарап, заңды және негізді шешім шығарды деп білеміз. Судья тек қана шешім шығарып қана қоймай жеке нотариус тарапынан орын алған заңбұзушылықтарды да анықтап, зерттеп, жекеше нотариусқа қатысты жекеше ұйғарым да шығарған болатын.

Судья үшін әрбір қараған ісінің нүктесін қою, шешімін шығару оңайлыққа түспесі анық. Ал, судья болып шешім шығару - адамнан үлкен жауапкершілікті, тыңғылықты жұмысты, зерделік пен парасаттылықты, адалдық пен ұстамдылықты, көрегенділікті талап етеді.

Осы аталған қасиеттердің барлығы Шымкент қаласы Әл Фараби аудандық сотының судьясы П.К.Сафарбаева Ханымның бойынан табыла білді. Оның аянбай еткен еңбектерінің жемісі деп білеміз.

Сондықтан да, Шымкент қаласы Әл Фараби аудандық сотының судьясы П.К.Сафарбаеваның адамгершілік пен азаматтықтығына алғысымызды білдіре отырып, істі заңды, әрі әділ түрде қарағаны үшін ҚР Жоғарғы соты, Шымкент қалалық соты, Әл Фараби аудандық соты басшылығы тарапынан алғыспен марапаттауды сұраймыз.

**Талапкерлердің сенімді өкілдері: А.С.Сапарханов пен Ж.С. Сапарханова**